

Өте орынды ұсыныс

Сүйікті басылымымыз «Орталық Қазақстанда» жарияланған Қанат Өскембаевтің «Ермековтің ерлігі ұрпаққа – ұран, елге – өнеге» атты мақаласы жұртшылық көкейінен шыққан ойлы мақала екен. Оқырман үшін автордың бұл мақаласының тарихи тағлымы мол. Автор Ө.Ермековтің қоғамдық – саяси қызметіне, өміріне жан-жақты зерттеу жүргізіп, оның тарихи тұлға болғанын ғылыми дәрежеде дәлелдеп беріпті. XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін Ө.Ермеков есімінің көпшілікке таныс болмағанын, тарихшылардың Ө.Ермеков жайлы шындықты айта алмағанын жазады. Өмірінің 25 жылы қуғын-сүргінде, оның 18 жылын түрмеде өткізген Ө.Ермеков өзінің білімі және адал еңбегі арқылы халық алдындағы парызын толық орындаған тарихи тұлға екені айтылған. Сонымен бірге, Ермековтің Қазақстандағы математика ғылымының дамуына қосқан зор үлесі, оның «Ұлы математика курсы»(1935ж.), «Қазақ тілінің математика терминдері» (1936ж.), т.б. еңбектерімен дәлденгенін, сонымен қатар, оның математик, педагог ретіндегі қызметін көрсеткен. Бұл салада Ө.Ермеков тек Қазақстанда еңбектенбегені жайлы, яғни, Куйбышев математика институтында кафедра меңгерушісі, профессор қызметін атқарғаны жайлы мәлімет тағы бар.

Мақалада сөз болған басты мәселе – Ө.Ермековтің болашақ Қазақстан Республикасының негізін құрудағы және оның шекарасын анықтаудағы еңбегі, В.Лениннің алдында жасаған баяндамасының шешендігі мен шеберлігі сонша – оның ақылы мен ұсынған дәлеліне орыс саясаткерлерінің келіспеуіне шарасыз болғаны. Ө.Ермеков мәскеуліктерге өзін іскер, алғыр, жан-жақты білімді, мәдениетті қайраткер ретінде көрсеткенінің арқасында сол кезде-ақ, қазіргі тәуелсіздігіміз бен шекарамыздың тұтастығының негізі салынды .

Қ.Өскембаев мақаласындағы «Ө.Ермековтің өмірі мен қызметі қазақ халқының тұтас ұрпақтарын отансүйгіштікке, азаматтыққа және абзал қасиеттерге негіз бола алады. Оның болашақ Қазақстан Республикасының негізін құрудағы және оның шекарасын анықтаудағы еңбегі ескеріліп, Астана, Алматы тәрізді ірі қалаларда көшелердің аты берілсе, ол тұрған, қызмет еткен қалаларда мүсіндері орнатылса, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне осы бабамыздың аты берілсе, жоғары оқу орындарының

математика факультетінде үздік оқитын студенттерге оның есімімен аталатын шәкіртақылар тағайындалса, нұр үстіне нұр болар еді» деген ойлармен әбден келісеміз, өте орынды ұсыныстар деп білеміз.

190 жылдық тарихы бар Қарқаралыда Ә.Ермеков еңбегінің ізі сақталған ғимараттар мен басқа да орындар бар. Қарқаралы қаласында бала Әлімханның оқып, білім алған мектебінің ғимараты толық болмаса да, сақталған. Терең де жан-жақты білімінің негізін осы мектепте алып, кейін осы жерде қызмет істеп, осы мекемені басқарған еді.

Ә.Ермеков Мәскеуден оралған кезде ашқан педтехникумның, кейін педучилище атанған ғимараты жайлы қарқаралылықтар жадыларында ардақтап ұстайды. Бұл ғимарат қазіргі кезде Қарқаралы қаласындағы Ә.Ермеков атымен аталған көшемен көршілес орналасқан.

Ә.Ермековтің жүріп өткен өмірлік ізі сайрап жатқан Қарқаралы қаласының тұрғындары үшін Қ.Өскембаевтің деректі материалдарының өзіміздің сүйіп оқитын газетіміз «Орталық Қазақстанда» жарық көруі аса қуанарлық жай.

Автордың Ә.Ермеков жайлы мақаласы ұрпақтың рухани өсіп-өнуіне, дамуына ықпал етері сөзсіз. Қ.Өскембаевқа Ермековті жас ұрпаққа таныту жолындағы қажырлы еңбегі үшін зор алғысымызды білдіре отырып, шығармашылық табыс тілейміз.

Қарқаралы қаласының ардагерлері мен ұстаздары атынан:

А.Бабайбеков,

Т.Нұрғалиұлы,

Д.Сүлеев,

Г.Өрікбаева,

Т.Бекова.